**Әулиекөл ауданының сауда қызметінің субъектілері үшін біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 118 шешімі. Қостанай облысы Әулиекөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 мамырда № 9-7-98 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 14 ақпандағы № 69 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 69 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабына сәйкес, Әулиекөл ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 1395 хатының негізінде Әулиекөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Кәсіпкерлік қызметі дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2011.02.04 № 220 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

2. Әулиекөл ауданының базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Әулиекөл ауданының базарларында тауарлар өткізуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін сауда қызметінің біржолғы талондарының құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2011.02.04 № 220 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Мәслихаттың 2005 жылғы 26 наурыздағы № 102 "Сауда қызметінің субъектілері үшін біржолғы талондардың құны туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 9-7-1 нөмірімен тіркелген, "Әулиекөл" газетінде 2005 жылғы 15 сәуірде жарияланған) бұрын мәслихаттың 2006 жылғы 23 ақпандағы № 174 " Мәслихаттың 2005 жылғы 26 наурыздағы № 102 "Сауда қызметінің субъектілері

үшін біржолғы талондардың құны туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде 9-7-32 нөмірімен тіркелген, "Әулиекөл" газетінің № 12 санында 2006 жылғы 24 наурызда жарияланған).

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың сегізінші сессиясының төрағасы А. Балғарин*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы А. Бондаренко*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігі салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық Департаментінің Әулиекөл ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Жаканов Аманжол Жомартұлы*

Мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
№ 118 шешіміне 1 қосымша

## Кәсіпкерлік қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2011.02.04 № 220 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

| **р/с №** | **Кәсіпкерлік қызметтің түрі** | **Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)** | |
|---|---|---|---|
| | | базарда | базардан тыс |
| | Сатуды (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда): | | |
| | газеттер мен журналдар, | 130 | 130 |
| | тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет), | 260 | 260 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | бақша дақылдарын, | 260 | 260 |
| | саяжайларда және үй маңайындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, | 130 | 130 |
| | қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, | 130 | 130 |
| | жануарлар мен құстардың жемдерін, | 90 | 90 |
| | сыпыртқылар, сыпырғылар | 15 | 15 |
| | орман жидегін, | 50 | 50 |
| | бал, | 260 | 260 |
| | саңырауқұлақ, | 50 | 50 |
| | балық | 130 | 130 |
| 2 | Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке меншікті трактор иелерінің қызмет көрсетуі | | 260 |
| 3 | Үй жануарлары мен құстарды жаю | | 110 |

Мәслихаттың
2009 жылғы 21 сәуірдегі
№ 118 шешіміне 2 қосымша

## Әулиекөл ауданының базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Әулиекөл ауданының базардарында тауарлар өткізуді жүзеге асырушы тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін сауда қызметінің біржолғы талондарының құны

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2011.02.04 № 220 (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

| **р/с №** | **Рыноктың атауы және тауарлық мамандануы** | **Өткізілетін тауарлар тобы** | **Рыноктағы сауда орны** | **Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | | Өнеркәсіп тауарлары | Сөре | 140 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Әулиекөл-сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының сауда рыногы (әмбебап) | Азық-түлік тауарлары | Сөре | 170 |
| | | Көкөніс және жеміс-көкөніс өнімдері (көтерме сауда) | Көлік құралдарынан | 350 |
| | | Шаруашылық тауарлары | Сөре | 180 |
| | | Ет және ет өнімдері | Сөре | 200 |
| | | Бұрын ұсталынған тауарлар | Сөре | 50 |
| | | Қосалқы бөлшектер | Сөре | 55 |
| | | Үй жануарлары | Базарда | 250 |
| | | Құс | Базарда | 90 |
| 2 | Құсмұрын поселкесінің сауда рыногы (әмбебап) | Өнеркәсіп тауарлары | Сөре | 130 |
| | | Азық-түлік тауарлары | Сөре | 150 |
| | | Көкөніс және жеміс-көкөніс өнімдері (көтерме сауда) | Көлік құралдарынан | 300 |
| | | Шаруашылық тауарлары | Сөре | 140 |
| | | Ет және ет өнімдері | Сөре | 200 |
| | | Бұрын ұсталынған тауарлар | Сөре | 30 |
| | | Қосалқы бөлшектер | Сөре | 55 |
| | | Үй жануарлары | Базарда | 250 |
| | | Құс | Базарда | 90 |
| 3 | "Төленгіт" шағын сауда рыногы (әмбебап) | Өнеркәсіп тауарлары | Сөре | 140 |
| | | Азық-түлік тауарлары | Сөре | 170 |
| | | Бұрын ұсталынған тауарлар | Сөре | 30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК